

Қ.Н. Алихан^{1*} , А.Б. Сманова¹ , А.А. Касымжанова² 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет, Қазақстан, Астана қ.

*e-mail: kan.alikhan@gmail.com

АҚШ-ТАҒЫ «ТЕЖЕМЕЛІК ЖӘНЕ ТЕПЕ-ТЕҢДІК» ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Америка Құрама Штаттары Конституциясы бойынша мемлекеттік билік бөлінісі мен олардағы «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесі қарастырылды. Мемлекеттік билік тармақтарының тәуелсіз, өзара қақтығыссыз қызметі Ата заңмен айқындалғанына қарамастан, XX ғасырдың екінші жартысынан бері Президент пен Конгресс арасында өкілеттілікті асыра пайдалануға қатысты даулы мәселелер байқалуда. Осы орайда, заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы келіспеушіліктер сот органдары тарапынан жиі қаралады, бұл «тепе-теңдік пен тежемелік» жүйесінің сақталуына қауіп төндіретін, өзекті тақырыптардың біріне айналды.

АҚШ Конституциясындағы «тежемелік және тепе-теңдік» жүйенің қалыптасуы мен дамуын зерттеуде тарихи, формальды-логикалық, құқықтық салдарды болжау әдістері қолданылды.

АҚШ Конституциясы 1787 жылы қабылданғанымен, оның негізін қалаушылар адам болмысының билікке құмарлығын және оны асыра пайдалануға бейімдігін ескере отырып, ондай әрекеттердің алдын алу мақсатында «тежемелік және тепе-теңдік» жүйесін енгізді. Зерттеу жұмысы көрсеткендей, бірқатар АҚШ Президенттері елді басқару кезінде өз өкілеттіктерін кеңейтуге тырысып, Конгрессті айналып өтуге бағытталған шаралар жасағаны байқалды. Салдарынан Конгресс мұндай әрекеттерді тергеу, тексеріп, бірқатары сотта қаралды. Билік тармақтары арасындағы қақтығыстарының көбі әр билік өкілінің өзінің құқықтық өкілеттілігін сақтауға бағытталған тежемелік жүйесіне негізделгенімен, жыл сайын тепе-теңдікті сақтау күрделене түсуде.

Түйін сөздер: АҚШ, Конституция, билік бөлінісі, тежемелік және тепе-теңдік жүйесі, Президент, өкілеттілік.

K.N. Alikhan^{1*}, A.B. Smanova¹, A.A. Kassymzhanova²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

²L. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana

*e-mail: kan.alikhan@gmail.com

Current problems of the formation and development of the system of “checks and balances” in the USA

The article examines the division of government powers under the United States Constitution, as well as the system of “checks and balances” within it. Despite the fact that the branches of government are independent, autonomous and determined by the fundamental law of the land, since the second half of the twentieth century there have been contentious issues between the President and Congress regarding the abuse of power. In this regard, disagreements between the legislative and executive branches are often considered by the judiciary, which has become one of the current topics that threaten the preservation of the system of “checks and balances.”

When studying the formation and development of the system of “checks and balances” in the US Constitution, historical, formal-logical methods, as well as methods of predicting legal consequences, were used.

Although the U.S. Constitution was adopted in 1787, its founders established a system of “checks and balances” to prevent man’s excessive desire for power and tendency to abuse it. The study found that a number of US presidents have taken steps to bypass Congress in an attempt to expand their powers in governing the country. As a result, Congress has tested and investigated such actions, and some have been brought to trial. Although most conflicts between branches of government are based on a system of checks aimed at preserving the powers of each representative of government, every year it becomes more and more difficult to maintain balance.

Key words: USA, Constitution, separation of powers, system of checks and balances, President, powers.

К.Н. Алихан^{1*}, А.Б. Сманова¹, А.А. Касымжанова²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

²Евразийский Национальный Университет имени Л. Гумилева, Казахстан, г. Астана

*e-mail: kan.alikhan@gmail.com

Актуальные проблемы становления и развития системы «сдержек и противовесов» в США

В статье рассматривается разделение государственной власти в соответствии с Конституцией Соединенных Штатов, а также система «сдержек и противовесов» в ней. Несмотря на то, что ветви государственной власти независимы, действуют автономно и определяются основным законом страны, со второй половины XX века между президентом и Конгрессом наблюдаются спорные вопросы, касающиеся злоупотребления полномочиями. В этой связи разногласия между законодательной и исполнительной властью часто рассматриваются судебными органами, что стало одной из актуальных тем, угрожающих сохранению системы «сдержек и противовесов».

При изучении формирования и развития системы «сдержек и противовесов» в Конституции США использовались методы исторические, формально-логические, а также методы прогнозирования правовых последствий.

Хотя Конституция США была принята в 1787 году, ее основатели ввели систему «сдержек и противовесов», чтобы предотвратить чрезмерную человеческую тягу к власти и склонность к ее злоупотреблению. Исследование показало, что ряд президентов США предпринимали шаги, направленные на обход Конгресса, пытаясь расширить свои полномочия при управлении страной. В результате Конгресс проверял и расследовал такие действия, а некоторые из них были рассмотрены в суде. Хотя большинство конфликтов между ветвями власти основано на системе сдержек, направленной на сохранение полномочий каждого представителя власти, с каждым годом становится все сложнее поддерживать равновесие.

Ключевые слова: США, Конституция, разделение властей, система сдержек и противовесов, Президент, полномочия.

Кіріспе

Америка Құрама Штаттарының Конституциясына сәйкес мемлекеттік билік атқарушы (Президент), заң шығарушы (Конгресс) және сот билігі (Жоғарғы Сот, федералды соттар, төменгі соттар) болып бөлінеді және билік тармақтарының құзыреті қатаң «тепе-теңдік пен тежемелік» жүйесі бойынша қадағаланады. Егер билік тармақтарының бірі өз өкілеттіктерінен асыра пайдаланса немесе ұлттық мүдделерге қайшы әрекет етсе, өзге билік тармақтарының қарап-тексеру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігі қарастырылған.

Іс жүзінде АҚШ Конституциясы қабылданған кезеңнен кейін биліктің әртүрлі тармақтары арасында қақтығыстар жиі туындайды. Бұл Токвиллдің сөзінен айқын көрінеді, ол «Америка Құрама Штаттарында ерте ме, кеш пе сот шешіміне ұшырамайтын саяси мәселе іс жүзінде жоқ» деп атап өтеді. Жоғарғы Сот көбінесе Конгресс пен Президент арасындағы өкілеттіктерді бөлуге байланысты көптеген дауларды қарауға мәжбүр (Entin 1991: 31). Соған орай, судья Л.Д. Брандейс 1926 жылы атап өткендей: «билікті бөлу доктринасы 1787 жылғы Конституцияда тиімділікті арттыру үшін емес, өкілеттілікті асы-

ра сілтеудің алдын алу үшін қабылданды. Мұндағы негізгі мақсат халықты билік тармақтары арасында өкілеттіліктерді бөлуге байланысты өз құзыретін асыра пайдалану салдарынан болатын автократиядан құтқару» (Brandeis 1984: 321). Сондай-ақ, билік тармақтарын бөлу мен «тежемелік және тепе-теңдік» жүйе арқылы оны қадағалау Дж. Мэдисонның ойынша жемқорлық пен мемлекеттік билікті басып алуды болдырмау үшін Конституциямен бекітілген (Холмс 2012: 76).

АҚШ Конституциясы XVIII ғасырда қабылданғанын ескерсек, бірде-бір құжат елдің ғасырлар бойы дамуын болжай алмайды және Президент пен Конгресс арасындағы қақтығыстар көбінесе Ата заңды жасаушылардың болжап білуі мүмкін емес мәселелерді қозғайды. Тіпті биліктің бір тармағына тиесілі болып көрінетін өкілеттіктерді қолдану да өзге билік тармағында қақтығыстар тудыруы мүмкін. Мысалы, тек Конгресс федералды үкіметтің қызметіне қаражат бөлуге құқылы. Бірақ Президенттің Конгресс бөлген қаражатты жұмсамауға құқығы бар ма? (Train v. City of New York, 420 U.S. 35 (1975)). Немесе төтенше жағдайда федералды бюджет шығындарын көбейтуге атқарушы биліктің құзыреті бар ма? 2011 жылы

АҚШ-тың Ливиядағы әскери операциясының жағдайы конгресстің кейбір мүшелерін Президенттің мұндай операцияларға Конгресстің мақұлдауынсыз қатысуға құқығы болды ма? Конгресс Президенттің соғыс қимылдарына қандай шектеулер қоя алады? (CRS Report R41989 2013.) 2012 жылы Президент Б. Обама (2009-2017 жж.) Сенат үзілісі кезде бірнеше лауазымды тұлғаларды тағайындады. Президенттің бұл әрекеті сотқа шағымдалып, тағайындауларды Жоғарғы сот жарамсыз деген шешім шығарды. Салдарынан Президент Сенаттың үзілісі кезінде тағайындаулар жасай алады ма? (Report R42323 2012). Аталған сауалдар билік тармақтары арасында дау-дамай туғызып қана қоймай, қарап-тексеру жұмыстарының объектісіне айналды. Нәтижесінде заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы дауларды шешуде сот билігіне шамадан тыс тәуелділік байқалды, сондай-ақ «тепе-теңдік пен тежемелік» жүйесінің тиімділігіне қауіп төнді.

Мемлекеттік билік тармақтарының тәуелсіз әрі өзара қақтығыссыз қызметі ел дамуының негізгі іргетасы болғандықтан, аталған тақырып өзекті. Сонымен қатар, Конституциядағы мемлекеттік билік тармақтарының өз құзыратын қолдану мен қорғау турасында ғана алаңдатушылық тудырмайды, сонымен қатар барлық билік бөлінісіне ықпал ететіндіктен, XX ғасырдың екінші жартысынан бері АҚШ саяси аренасында қызу пікірталас тудыратын тақырыптардың біріне айналды.

Зерттеу материалдары мен әдістер

АҚШ Конституциясындағы «тежемелік және тепе-теңдік» жүйенің қалыптасуы мен дамуын зерттеуде бірқатар жеке ғылыми әдістер қолданылды:

1. Тарихи әдісті қолдану арқылы нақты тарихи-әлеуметтік жағдайда Ата заңның құрылымы мен мазмұнына ықпал еткен мән-жайлар анықталды. Мәселен, XVIII ғасырға дейін мемлекеттік биліктің нақты бөлінуі қолданылмады, дегенмен отаршылдық басқару құрылымы отаршылдарға биліктің шоғырлануынан қорқуға жеткілікті негіз берді. Король Георг III-нің мемлекеттік билікті өз қолына алу тәжірибесі оларды «заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бір адамда болуы тирианияның анықтамасы ретінде» айқындады (Hamilton 1961: 301.). Колониялардың корольдік губернаторларымен

тәжірибесі оларды аралас мемлекеттік функцияларды орындайтын институттарға сенімсіздік ұялатты. Ал 1780 жылдардағы жас мемлекеттердегі заң шығарушы демократияның тәжірибесі олардың «сайланған деспотизм» мүмкіндігіне қатысты алаңдатушылықтарын күшейтіп (Hamilton 1961: 311), Конституцияның мазмұнына билік тармағының үшке бөлінуін нақты бекітілу қажеттігін көрсетті.

2. Формальды логикалық әдісті қолдану нәтижесінде жекелеген элементтерді, тежемелік және тепе-теңдік жүйенің конституциялық-құқықтық мәні мен оның маңызын талдау мен салыстыруға қол жеткізілді. АҚШ Конституциясында көрсетілген өкілеттіктердің көпшілігі биліктің бір тармағы үшін ғана міндетті болумен қатар, ол өзге билік тармақтарымен де байланысады. Мысалы, Президенттің заңнамаға вето қоюға құқығы; Президент ұсынған атқарушы және сот төрелігі өкілдерінің кандидатураларын ұсыну үшін Сенаттың мақұлдауы қажет; сот билігі Конгресстің немесе Президенттің әрекеттерін тексеруге құқылы; Конгресс импичмент арқылы президентті, вице-президентті және басқа Америка Құрама Штаттарының лауазымды тұлғаларын қызметінен босата алады (Richard 1991: 10).

3. Құқықтық салдарды болжау әдісі АҚШ Конституциясына сай билік тармақтарындағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесін дамытудың ықтимал құқықтық салдарын жүйелі түрде бағалауға және олардағы өзара қақтығыстардың орын алуын болдырмауға мүмкіндік береді. Конгресс атқарушы биліктің әрекеттерін бақылауға құқылы. 1970 жылдары президент Ричард Никсонға (1969-1971 жж.) және оның әкімшілігіне қатысты оқиғалар, Сенаттың ішкі қауіпсіздік және қоғамдық істер жөніндегі комитеті тергеу жұмыстарын жүргізді. Аталған жағдай сотта да қаралып, импичмент пен қысым қаупіне байланысты Ричард Никсон 1974 жылы 8 тамызда президенттіктен кететінін жариялады. Бұл жағдай билік тармақтарының тежемелік жүйесін қаншалықты тиімді қолданатынын және оның салдарының ауыр екенін көрсетеді.

Биліктің конституциялық бөлінуінің негізінде жатқан саяси теория мыңдаған жылдарға созылады және оның дамуын көптеген көрнекті философтардың еңбегімен байланыстыруға болады, олардың арасында Аристотель, Ф. Аквинский, Н. Макиавелли, Дж. Локк және Монтескье және т.б. бар.

Зерттеу нәтижелері мен талқылаулар

АҚШ-тағы тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің қалыптасуы мен дамуы

Н. Макиавелли Испания мен Францияның әскери гегемониясына қарсы тұру үшін Италия республикалары лигасын құруды ұсынды. Макиавеллидің ойынша көрші державалар Италия Республикалары арасындағы қақтығыстарды пайдаланып, өз мақсатына оңай жетіп, қорғаныссыз мемлекеттерді жаулап алу оңай екенін ескертеді. Ортақ тағдырға негізделген республикалар арасындағы берік одақ қана бұл италияндық мемлекеттерге күш біріктіруге және алпауыт державалардың болжамды «бөлу және жеңу» стратегиясына қарсы тұруға көмектесе алды (Machiavelli 1996: 10). Осы тұста, АҚШ Конституциясын жасаушылардың мақсатының бірі – өзінің жаңа қауымдастығын аумақтық кеңею мен аннексияға бейімдеу болғандықтан, Макиавелли моделі бойынша шашыраңқы республикаларды бір-бірлеп жоюға тырысатын әлдеқайда күшті еуропалық монархиялардың тактикасына қарсы тұру үшін құрылды.

Конституцияның негізін қалаушылар, Дж. Локктың діни-этикалық көзқарастарын басшылыққа алып, меншік пен мемлекеттік билікке қатысты ойларын сыни көзқараспен қараса (Butterfield 1964: 358-359), француз саяси теоретигі Монтескьенің «Заңдар рухы» еңбегіндегі биліктің үш тармаққа: заң шығарушы, атқарушы және сот билігіне бөлінуін өз еңбектерінде басшылыққа алады. Себебі Ш.Л. Монтескье билікті әртүрлі адамдардың немесе ұйымдардың қолына беру туралы дәлелдер келтіреді: «заң шығарушы және атқарушы билік бір адамға немесе бір магистраттар корпусына біріктірілгенде, ешқандай еркіндік болмайды, өйткені монарх немесе сенат озбыр заңдар шығарады және оларды озбырлықпен орындайды».

Егер сот билігі заң шығарушы және атқарушы биліктен бөлінбесе, ешқандай еркіндік болмайды. Егер ол заң шығарушы билікке қосылған болса, субъектінің өмірі мен бостандығы ерікті бақылауда болады, өйткені заң шығарушы сот төрелігін жасайтын еді. Егер сот атқарушы билікке қосылса, ол зорлық-зомбылық пен қысым көрсетуі мүмкін. Егер бір адам немесе бір орган, мейлі ол дворяндар болсын, адамдар болсын, осы үш билікті жүзеге асырса: заңдар қабылдау, қоғамдық шешімдер қабылдау және жеке тұлғалардың істерін қарау (Монтескье 1999: 146-147)

Ш. Монтескье сонымен қатар атқарушы және заң шығарушы билік бір-бірімен «тежелуі» керек деп жаза отырып, тепе-теңдік пен тежемелік тұжырымдамасын ұсынады (Монтескье 1999: 146-147). Ш. Монтескье үшін заң шығарушы биліктің маңызды атқарушы шектеуі – вето құқығы; заңнаманы «қабылдау құқығы». Заң шығарушы биліктің ең маңызды шектеуі-бұл жыл сайынғы қаржыны бөлу және қадағалау күші, өйткені егер «атқарушы билік мемлекеттік ақша жинауды анықтайтын болса, онда бостандық аяқталады» (Монтескье 1999: 202-203). Тұтастай алғанда, Ш. Монтескье билік тармақтарын оқшаулау арқылы озбыр басшылықтың алдын алатын үкімет құрылымын енгізді: заңдар құру, заңдарды орындау және болжамды қылмыскерлерге қатысты сот төрелігі (Монтескье 1999: 74). Әрине, бір адамды заң шығарушы және сот ретінде қалдыру, Дж. Локктың пікірінше, тиранияны (Локк 1988: 119) енгізу ретінде қаралады.

Мемлекеттік биліктің бөлінуі адам табиғаты туралы қарапайым ережеге негізделген: Джеймс Мэдисон атап өткендей, адамдар періште емес, егер оларды тежемесе, олар билікті теріс пайдалануға бейім болады (Hamilton 1961: 322.).

Тарихи деректер жоғарыда аталған философтар демократиялық емес басқару жүйелерінде немесе билік бөлінісі өте шектеулі демократиялық жүйелерде өмір сүргенін көрсетеді. Алайда, ежелгі тарих АҚШ Ата заңының негізін қалаушылар үшін және республикалық Үкіметтің жұмыс істеу тәжірибесінің ең қолжетімді көзі болды. XVIII ғасырда республикалық басқару жүйесі аз болды және олардың өзіндік ерекшеліктері болатын. Олардың тарихы американдықтарға Афина немесе Рим тарихынан әлдеқайда аз белгілі болды. Америкалықтар еуропалық ағартушылардан кейін ежелгі ойшылдар жасаған теорияларды өздерінің мемлекеттілігін түсіну үшін басшылыққа алды.

Отаршыл үкімет Солтүстік Америкадағы колониялардың көпшілігін орталық Ұлыбритания Үкіметіне ұқсас «аралас үкімет» нысанында басқарды (Simmons 1976: 245- 258). Жергілікті ақсүйек өкілдеріне төменгі палатаға өкілдерді таңдауға рұқсат етілді, бірақ губернаторды отарлаушы Ұлыбритания королі тағайындады және атқарушы міндеттерінен басқа Үкіметтің басқа функцияларына ықпал жасады. Корольдік губернатор әдетте отарлық заңдарға абсолютті вето құқығына ие болып қана қоймай, заң шығарушы жоғарғы палатаға өкілдерді тағайындап, оны та-

рату құқығына ие болды (Fairlie 1917: 473-474). Губернатор кеңесі, әдетте, колонияларда Жоғарғы Сот қызметін атқарды. Кеңес губернаторға қатысты кейбір шектеулерге ие болды, ең алдымен оның жалақысы мен салық салуға өкілеттіктерін бақылау құқығы (Simmons 1976: 256).

Бұл келісім XVIII ғасырдың көп бөлігінде отаршыларға өте жақсы қызмет етті. Парламент пен тәждің отарлық аймақта үкіметті басқаруға немқұрайлылығы саяси мәдениеттің пайда болуына әкелді, ол Ұлыбританияның өзіндегі мәдениетке қарағанда әлдеқайда демократиялық сипатта болды (Bailyn 1969).

XVIII ғасырдың бірінші жартысында өзі басқару нысанын дамыта отырып, Франция мен Үндістан арасындағы соғыс аяқталғаннан кейін Парламент пен тәждің отаршыл үкіметке қатаң бақылауы отаршылдар мен британ үкіметі арасында айтарлықтай шиеленісті тудырды (Andrews 1924). Британдық отаршылар бұл мәселелерді шешуге тырысқанда, олар отаршыл үкіметтердің институттары тәждің қалауын орындауға ниетті емес және дауласуға қолайсыз екенін анықтады (Andrews 1924).

Тәуелсіздік алғаннан кейін жаңа Тәуелсіз Мемлекеттер биліктің бөлінуіне деген қазіргі көзқарасымызға жақын үкіметтік құрылымдар құра бастады. 1776-1780 жылдар аралығында барлық 13 бастапқы штаттар өкілдері Дж. Вашингтон, Б. Франклин, Т. Джефферсон, А. Гамильтон, Дж. Мэдисон, Дж. Мэйсон және т.б. жаңа ортақ конституцияны әзірлеуге кірісті. Алайда, бұл үдеріс отаршылдық пен революциялық тәжірибе салдарынан күшті анти-атқарушы сипатқа ие болып, ұзақ талқылау мен тартыс арқылы жүрді. Нәтижесінде, отарлық ассамблеялар отаршылдар басқаратын биліктің тармағы және олардың мемлекеттік биліктің негізгі көзі саналды (Wood, 1969). Бастапқыда, 1776 және 1777 жылдары көптеген жаңа штаттар әлсіз және тәуелді атқарушы тармақтары бар жаңа басқару жүйелерін енгізді (Friedman 1988: 37). Делаверде, Вирджинияда және Нью-Джерсиде губернаторды заң шығарушы орган тағайындады және вето немесе тағайындау құқығы болмады. Пенсильванияда бірде-бір басшы болмады; бұл құзыретті заң шығарушы орган таңдаған кеңес алады. Сол сияқты, ұлттық үкімет Конфедерация баптарына сәйкес тәуелсіз атқарушы немесе сот билігін қамтымады, оның орнына бұл функцияларды құруды ұлттық заң шығарушы органға қалдырды (Articles of Confederation (1781) § IX).

Алайда, басқа штаттар биліктің бөлінісін

көздейтін болашақ федералды Конституцияға ұқсас келетін конституциялар қабылданды. 1776 жылғы Нью-Йорк Конституциясында үш жылдық мерзімге тәуелсіз сайланған губернаторға вето және тағайындау құқығы берілді (New York Constitution (1776) § XVII). Массачусетс Конституциясы (1780) «заң шығарушы билік ешқашан атқарушы және сот билігін жүзеге асыра алмайды, яғни атқарушы билік ешқашан заң шығарушы және сот билігін жүзеге асырмайды... сот билігі ешқашан заң шығарушы және атқарушы билікті атқара алмайды...» (Massachusetts Constitution (1780) § XXX). Фарранның айтуынша, Монтескьенің жоғарыда аталған «Зандар рухы» еңбегі Америкадағы Филадельфия съездінде «саяси інжіл» ретінде қабылданды.

1780 жылдардың басында бірқатар штаттарда мемлекеттік билікті заң шығарушы органдардың қолына шоғырландыруды қайта қарастыра бастады. Томас Джефферсон мен Джон Адамс Конституцияда заң шығарушы органдар үстемдік етудің алғашқы қарсыластары болды (Wood 1969: 161). Пенсильвания мен басқа штаттардың әлсіз басшыларының тәжірибесі үмітті ақтамады. Конфедерацияның мәтіні Ұлттық басқару құжаты үкіметке деген сенімге нұқсан келтірді (Rakove 1982:51).

Тұжырымдама авторлары адам табиғатын бастапқыда «әлсіз» деп санады және адамдардың «азғындыққа» табиғи бейімділігі билікті теріс пайдалануы мүмкін деп күдіктенді. Олар үшін тирания «барлық биліктің – заң шығарушы, атқарушы және сот билігінің бір адамның қолында шоғырлануы» болды (Hamilton 1961: 301.). Мемлекеттік билікті тармақтарға бөлу қажет болғанымен, ол жеткіліксіз саналды. Биліктің әр тармағына басқаларға қарсы тосқауыл ретінде әрекет ету мүмкіндігі қажет болады. Алайда, биліктің бірде-бір тармағы басқаларға қатты әсер етпейді және әрқайсысы басқалардың қол сұғушылықтарына қарсы тұру үшін қажетті құралдармен қамтамасыз етілуі тиіс (CRS Report RL30315 2013).

Федералдық негізгі заңды дайындау кезінде әзірлеушілер Конституцияның жоғары заңды күші мен халықтың қатысуы арқылы «ортақ келісімге келу» үдерісін басшылыққа алуды қолдаған. Конституция сол кездегі мүдделер, талаптар мен тенденциялар арасындағы тепе-теңдікке негізделген. Мұндай бастама Конституцияның мазмұнына қатысты ортақ шешімге келу үшін талқылаулар барысында жасалған. Конституция мазмұнының бірнеше нұсқалары ұсыныл-

ды, алайда федералист Джеймс Мэдисон Вирджиния жоспарына сәйкес мүлдем жаңа басқару жүйесін ұсынды. Бұл биліктің үш бөлек тармағы басқаратын күшті «одақты» қамтамасыз етті: атқарушы, заң шығарушы және сот төрелігі. Заң шығарушы билік екі палаталы тұруы керек: төменгі палата (Өкілдер палатасы) және жоғарғы палата (Сенат). Екі палата да өкілдік мәселелерінде пропорционалды түрде анықталуы керек, яғни әр штат халыққа «еркін тұрғындар санына» баламалы түрде ұсынылатын болады. Ірі штаттар бұл жоспарды қолдады, себебі олар үкіметке айтарлықтай салық аударымдары көп дауыспен қайтарылатындығын басшылыққа алды. Уильям Патерсон ұсынған «Нью-Джерси» жоспары деп аталатын балама жоспар Мэдисонның жоспарын жоққа шығарудың бір түрі болды және тәуелсіз білім деп саналатын әр штаттан бір дауыспен бір палаталы заң шығарушы органды құруды ұсынды. Бұл жоспар Конгреске салық салу және сауданы реттеу құқығын, сондай-ақ мемлекеттерді салық есептеулерін орындауға мәжбүрлеу құқығын берді. Нью-Джерси жоспары Конгресстің барлық шарттары мен актілерін әр штаттағы соттар арқылы орындалатын елдің заңдарына айналдырды. Бұл жоспарды кішігірім штаттар қолдады. Ұзақ пікірталастар мен дау-дамайлардың нәтижесінде Джеймс Мэдисонның идеясы биліктің бөлінуіне негіз болды.

Биліктің бөлінуі: құрылымы

Конституцияға сәйкес заң шығарушы, атқарушы және сот төрелігі билік тармақтарына бөлек және шектеулі өкілеттіліктер берілді, ал саяси қайраткерлерге заң шығарушы органда және басқа билік тармақтарында бір уақытта жұмыс істеуге тыйым салынды. Сайланған билік тармақтарының бөлек, тәуелсіз өкілеттілік негіздері қарастырылды, ал арнайы кепілдіктер билік тармақтарының бірінің екіншісіне заңсыз әсерін болдырмауды көздеді. Конституциямен кепілдендірілмегенімен, қазіргі уақытта әр билік тармағына кадрлармен қамтамасыз ету, зерттеу және кеңес беру үшін өздерінің тәуелсіз ресурстарын беретін ұзақ мерзімді ережелері қалыптасқан.

Конституция федералды үкіметті өзінің негізгі міндетіне сәйкес – заң шығарушы, атқарушы және сот төрелігі деп бөліп, әр билік тармағын негізінен жеке институт ретінде таниды. Бұл үш институтқа өз міндеттерін орындау үшін жеке өкілеттіктер беріледі, бұл Конституцияның алғашқы үш бабының мәтінінен айқын белгі-

ленген. 1-бап «Осы құжатта берілген барлық заң шығарушы билік Америка Құрама Штаттарының Конгресіне тиесілі» деп басталады (United States Constitution, Article I §1). 2-бап «Атқарушы билік Америка Құрама Штаттарының Президентіне тиесілі» деген сөздерден басталса (United States Constitution, Article II §1), 3-бап «сот билігі Жоғарғы сотқа берілуі керек» (United States Constitution, Article III §1) деп көрсетілген Бұл биліктің бөлінуі, құрылтайшылар түсінгендей, ең қарапайым мағынада: Президент заңды орындауға құқылы; Конгресс заң шығаруға және сот заңды орындау бойынша төрелік етуге құқылы.

Бұл ережемен Үкімет өкілеттіктерін шектейтін тепе-теңдік пен тежемелік жүйесі тығыз байланысты, себебі конституция кез-келген адамға бір уақытта атқарушы немесе сот лауазымын немесе Конгресс мүшесі болуға тыйым салады. Үкімет ешкімді сот немесе атқарушы билікке сайлаған жоқ және заң шығарушылардың шамадан тыс беделді немесе ықпалды болуына жол бермеу үшін қысқа өкілеттілік мерзімдер енгізілді. Барлық штаттар «халықтық егемендікті» мойындады, яғни үкіметтің барлық өкілеттіктері бастапқыда халықтан тарады. Конституцияның мазмұны аристократияға қарсы және монархияға қарсы болып қала берді, сондықтан 1-бапта: «Америка Құрама Штаттарына ешқандай аксүйектік атақ берілмейді» делінген (Verma 2021.).

Конституцияда биліктің жеке институттары мен негіздері қарастырылған, оның құрылымы билік тармақтарын бір-бірінен оқшауламайды. Конституцияның құрылымы биліктің бөліну арқылы оның бір адамның қолында орталықтандырылуын болдырмауға бағытталған болса да, оны әр билік тармағына беру бұл мақсатты заңдастырады.

Әрбір билік тармағы өзінің міндетіне сәйкес келетін құзыретті жүзеге асыруға құқылы болғанымен, бірде-бір мемлекеттік билік тармағы өзінің негізгі қызметін біржақты басқара алмайды. Конгреске заң шығарушы өкілеттілігі берілген, дегенмен Президент заңға вето қоя алады, бұл көп жағдайда оған заң бойынша келіссөздер жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар Конгрессті сессияға шақыруға құқылы (United States Constitution, Article I §7, clause 2; Article II § 2, clause 2.). Жоғарғы Сот болжамды сот өкілеттіктері арқылы Конгресс актілері мен атқарушы биліктің әрекеттерін конституциялық емес деп жариялай алады (United States Constitution, Article III §2). Президентке атқарушы билік тиесілі, бірақ Конгресс атқарушы

биліктің бюрократиялық құрылымын және атқарушы департаменттер алатын қаржылық ресурстардың көлемін заңнамалық бақылау күшіне ие (United States Constitution, Article I §9, clause 7). Жоғарғы Сот сот төрелігін атқарғанымен, Конгресс төменгі федералды соттарды құруға және олардың юрисдикциясы мен ережелерін белгілеуге, сондай-ақ сот шешімдеріне жауап ретінде заңнаманы жетілдіруге құқылы (United States Constitution, Article III §1).

Лауазымға тағайындау және алу жөніндегі өкілеттіктер

Атқарушы билік пен федералды сот билігі қызметкерлерін тағайындауда конституцияға сәйкес атқарушы және заң шығарушы биліктің ынтымақтастығы талап етеледі. Америка Құрама Штаттарының Бас шенеуніктерін, соның ішінде федералды судьялар мен атқарушы биліктің жоғары лауазымды тұлғаларын тек Президент тағайындайды, бірақ Сенаттың мақұлдауын талап етеді (United States Constitution, Article II §2, clause 2.). 25-ші түзетуге сәйкес, вице-президентті тағайындау үшін Президент үміткерді ұсынғаннан кейін Өкілдер палатасы мен Сенаттың мақұлдауы қажет (United States Constitution, Amendment 25, §2.).

Президент атқарушы шенеуніктердің көпшілігін қызметінен босату туралы жалпы өкілеттіктерін сақтағанымен, Конгресс мемлекетке опасыздық, парақорлық және басқа да ауыр қылмыстар мен құқық бұзушылықтар үшін президентті, вице-президентті және Америка Құрама Штаттарының мемлекеттік қызметкерлерін (соның ішінде федералды судьяларды) қызметінен босатуға құқылы (United States Constitution, Article II §4; Article I § 2, clause 5; §3, clause 6). Алайда билік импичмент жариялауға құқығы бар өкілдер палатасы мен импичмент жариялаған өкілдер палатасының істерін қарауға жауапты Сенат арасында бөлінеді. Бұл билік тек Конгреске тиесілі; биліктің басқа тармақтарында өкілдерді немесе сенаторларды орнынан алып тастау құзыреті, бұл Конституцияға сәйкес Конгресстің үстемдігін көрсетеді. Өкілдер палатасы мен Сенат өз мүшелерін лауазымынан босатуы мүмкін, бірақ сайлаудан басқа ешқандай сыртқы күш оларды басқа жолмен қызметінен алып тастай алмайды, бұл халықтың егемендігі тұжырымдамасының жоғарғы күшін көрсетеді.

Билікті күшейтудің ең негізгі институционалдық стратегиясы – оны саяси артықшылықтарды жүзеге асыру барысында бекіту немесе

заңнамалық ұсыныстар арқылы жаңа өкілеттіктерді ұсыну. Президент соғыс қимылдары қажет деп шешіп, Конгреспен кеңесуден бас тартуы мүмкін (Fisher, 1995).

АҚШ Конституциясы бойынша Президенттің лауазымды тұлғаларды тағайындаудың тікелей екі мүмкіндігін қарастырған, біріншісі, Президенттің ұсынысы бойынша Сенаттың мақұлдауы арқылы болса, екіншісі «Сенат жұмысында үзіліс болған жағдайда» Сенаттың келісімінсіз (CRS Report R42323, 2012) тағайындау. Екінші лауазымды тұлғаларды тағайындау жолы Сенат отырысы жүргізілмеген кезінде Үкіметтің үзіліссіз жұмысын қамтамасыз ету мақсатында тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан болатын (Hamilton 1961: 409). Бұл екі конституциялық ереже ұзақ уақыт бойы президенттер мен конгресстер арасындағы саяси шиеленістің қайнар көзіне айналды (CRS Report RL33009, 2014). Себебі Конгресс бас лауазымды тұлғаларды Президент тағайындамайтын реттеуші агенттік құра алады (Buckley v. Valeo, 1976). Егер биліктің басқа тармағы қарсылыққа тап болмаса, онда бұл әрекеттер күшіне еніп қана қоймайды, сонымен қатар мұндай болашақ іс-әрекеттерге тарихи прецедент орнатады, қоғамның санасында мұндай әрекеттерді қалыпты жағдайға айналдыралы немесе атқарушы биліктің одан әрі нығайуына негіз болады. Бұл шаралар көптеген даулар мен қақтығыстарды тудырады, өйткені әр тармақ әдетте өз билігін мұқият қорғайды және басқа тармақтардың жаңа немесе күшейтілген билікті бекіту әрекеттеріне қарсы тұрады.

